

## **Жангелдин ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 4 ақпандағы № 3 "Карантин белгілеу туралы" шешімінің күшін жою туралы**

Атырау облысы Қызылқоға ауданы Жангелдин ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 9 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 4 мамырда № 4643 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына және "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қызылқоға аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2020 жылғы 10 наурыздағы № 11-10/58 ұсынысы негізінде Жангелдин ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жангелдин ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 4 ақпандағы № 3 "Карантин белгілеу туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4585 болып тіркелген, 2020 жылы 8 ақпанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалысын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Жангелдин ауылдық округі әкімінің  
уақытша міндетін атқарушы*

*Д. Мурзагереев*